Сағатбек Медеубекұлы

# АЛАТАУЫМ МЕНІҢ



Алматы 2018

ӘОЖ 78
КБЖ 85.31
М 39

Құрастырған: Мақсат Медеубек

Жауапты редактор: Римма Жақсылықбаева

Нотаға түсіргендер:
Базаралы Мүптекеев
Мақсат Медеубек
Бауыржан Бекмұханбет

**Медеубекұлы Сағатбек**
М 39 Алатауым менің. – Алматы, 2018. – 170 б.
**ISBN 978-601-04-3665-7**

Бұл жинаққа Сағатбек Медеубекұлының ел аузынан жазып алып, жариялаған халық әндері мен күйлері, халық композиторларының сондай-ақ өзінің авторлық әндері мен күйлері топтастырылған.

Кітапта берілген халық және халық композиторларының, сондай-ақ әндері мен күйлері «Жетісу әуендері» мен «Жетісу күйлері» кітаптарынан алынған, ал С. Медеубекұлының шығармалары тұңғыш рет жарияланып отыр.

Кітап көмекші оқу құралы ретінде музыка орта мектептері мен колледж-дерінің және ЖОО-ның оқушылары мен студенттеріне, магистрант, докторантта-рына, сондай-ақ оқытушылар мен музыка зерттеушілеріне арналған.

**ӘОЖ 78**
**КБЖ 85.31**

ISBN 978-601-04-3665-7

© Медеубекұлы Сағатбек, 2018
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

***Тұрсынжан ШАПАЙ***
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

# Алғы сөз орнына

Қазақтың дәстүрлі музыкасының тағдыры «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың өз тағдыры сияқты – шашылды, төгілді, қайта жаңғырды, қаулады... Кемеріне толып, арнасынан асып, «қазақ даласы ән салып тұрғандай» да күндер өтті... Алмағайып замандарда оққа ұшқан, айдауда жүріп өлген өнерпаз, ашаршылық-нәубетте сүйегі ақсөңке боп шашылып далада қалған жұртпен бірге қанша қазынамыз жоғалды – әйтеуір, ұйытқысы үзілген жоқ. Ауған елмен шекара асып қаншасы кетті – шүкір, жұрнағы қайтты... Сонда да болса, жарымды бүтіндеп, кетікті толтырар іздеуші, сұраушы, жинаушы бір зерделілер болмаса, қазақтың дәстүрлі ән-күйі мен асыл сөзі дәл бүгінгідей қоры сонша мол, ауқым-алапасы зор, көрікті, сәулетті, тұтас қалпында көрініс таба қоюы екіталай еді. Дәстүрлі мұраның қай үлгісінің тарихына қарасаңыз да, оның қазірге дейін сақталып, халқымыздың рухы мен жанының көркем шежіре, тірі айғағындай бүгінгімен бірге жасасып келе жатқаны – сол жинаушы, жоқшылардың да арқасы екенін көресіз. Олардың өзі екі түрлі – біреулері көз майын тауысып, архивтерді тінтісе, енді біреулері мұрағатта дерегі қалмаған дүниенің ізіне түсіп, табанынан таусылып жер кезеді, ел аралайды. Бір барған жеріне неше мәрте оралып, заманында ұлан-ғайыр болып жайқалған байтақ егіннің орнынан аңыз қуалап масақ тергендей тағы тірнектейді... Өйткені, алтын шыққан жерді белден қазу – жинаушының бір айнымас сертіндей. Өйткені, көне мұраны ауызша жеткізушінің жады, қашан болсын, архив сөресіндегі арнаулы орнынан табылатын, бір қарпі өзгермей сақталып, әркімге сырын аша берер жансыз мұрағат емес – тілін тауып, ділін қозғасаң ғана тіл қататын тірі құбылыс. Әр айтушының мінезі де қилы-қилы, көңіл-күйі де айнымалы, зауқы келер сәті де болжаусыз. Қайта айналып барған сайын, қас-қабағын бағып, бабын аңдап, орайын іздеп, бұрын есіне түспеген тағы бір әуендерді (өлең-жыр, аңыздарды) жадында қайта жаңғыртып, айтушының көкірегіндегі алтын сандыққа кілт тапқанша, қанша төзім, тағат керек екені, айтпаса да, түсінікті. Халық өнеріне, көне мұраға деген сағыныш пен сүйіспеншілікті айтпағанда...

Сағатбек – осы екінші типтегі жанкешті. Жанкешті дейтінім, әдебиетші-ғалымдығы, журналистігі, ұстаздығы, отбасылық қам-тірлігі – бір басына жетерлік қызметі мен әуресі бола тұрып, жеке көлік қат сонау совет кезеңі, бергі 90-шы жылдар бойы, ешкім міндеттеп тапсырмаса да, өз бетімен тау асып, дала кезіп өлең терген, әуен аулаған тірлік екінің бірінің қолынан келе береді деп ешкім айта қоймас.

Жинаушылар (Сағатбектер) – менің түсінігімде, шығармашылық адамдарының өзгеше бір санаты. Мәселен, жазушыға әр адам түр-келбет, мінез-болмысымен, ой, сөз, ишарат-қимыл – тұтас тұлғасымен қызық болуы мүмкін. Ал, жинаушыға сіздің адамдық қадіріңіз, азаматтық бітіміңіз, ең алдымен, ел білмейтін ескі әуен, көне жыр, арғыдан қалған қанша әңгіме-аңыз білетініңізбен өлшенетін сияқты көрінеді, кейде... Бұл – Сағатбек сияқты ескі мұраға құлағы сергек, құнты бөлек адамдарды бақылағаннан түйген өз пікірім,

әрине. Ал енді алда-жалда жинаушының көңілі толардай білгірлігіңіз байқала қалса, онда сіз ол үшін ең құнды адамсыз! Жинаушының аузымен атыңыз әр жерде айтылып, кішігірім даңққа бөленесіз, ол жүрген ортада аңызға айналасыз... Оны білгенім, талантты күйші-домбырашы, музыкатанушы марқұм Базаралы Мүптекеев екеуі бірлесіп шығарған «Жетісу әуендері», «Жетісу күйлері» (1998) деген кітаптарға енген ән-күй, әуен-сарындардың авторлары ғана емес, орындаушы-жеткізушілер туралы да көп жыл бұрын, кітап шықпай тұрып-ақ, Сағатбектің ауызекі әңгімелерінен әбден қанық болып үлгеріп едім. Тіпті, қоржынынан топтап суырып қарқ қылмаса да, есінде қалған там-тұм дерек, бірді-екілі әуен жаздырған қайсыбір елеусіз қариялардың өзі, Сағатбектің «жырлауымен», менің көзіме толағай тұлға, аңыз кейіпкері болып елестейтін. Көненің көзін қалай сұрастырып, мекен-тұрағын қанша азаппен қалай тапқаны, өзін қалай қарсы алғаны, бітімі, мінезі, сөйлеу мәнері... – өз алдына айтылар қырғын қызық әңгіме!.. Сағатбек жырлаған сондай жандардың ішінде мінез-болмысымен, ғажап өнерпаздығымен, шынында да, есте қалар ерекше тұлғалар бар еді. Кейбірін көзіміз де көрді. Осы орайда, 90-шы жылдардың орта шенінде ҚР Ұлттық ғылым академиясына қарасты ғимараттардың бірінде Жетісудың осы күнге дейін белгісіз болып келген әндері мен күйлерін таныстыру мақсатында қазақ дәстүрлі өнерінің ұлы жанашыры Рахманқұл Бердібаев ақсақалдың қолдауымен Сағатбек ұйымдастырған лекция-концерт еске түседі. Сондағы, қолтығынан демеп жібергісі келген жігіттің қолын қағып тастап, сахнаның тіп-тік тепкішегін нық басып көтерілген атақты Мергенбай батырдың кенже ұлы Ыбырайымхан қарияны қалай ұмытарсың!.. Ара-арасында білегін уқалап қойып, қажыры қайтпаған салалы саусақтарын жаза, қолын бір сілкіп тастап, тоқсаннан асқан (!) тарланбоз бір сағаттан аса күй толғап еді-ау сонда!..

Сағатбектің әңгімесі дегенге қайта оралайын. Бір байқағаным, ел ішінен ән-күй жинаушының тірлігі туралы, сірә, қоспасы мен шыны аралас хикаяларында Сәкең драматургия заңдылығын қатаң сақтайды... Мәселен, ол, жинаушылық өткір түйсігімен ертеректе, осы Жетісудың пәлен жерінде, қазірде аты-жөні еміс-көмес қана естілетін сондай да сондай әнші, не күйші өткен жерде бір белгі қалмауы мүмкін емес деген болжаммен әркімнен сұрастырып, сол тарапқа құлағын тіге жүреді екен (дейді, Сәкеңнің өз аузынан айтылған бір аңыз). Айтқанындай, күндердің күні сол өзі болжаған жақтан «пәлен деген әнші, күйші, я жыршы-термеші бар екен», немесе, «әншілігі болмаса да, әу дерлігі бар бір ескі көз табылды» деген сыбыс естіледі. Сыбыс құлағына тиер-тиместе, Сәкең зымырап жолда бара жатады. Зымырағанда... сол... аузы-мұрнынан шыға нықай толған, өзіңіз білетін баяғы совет уақытындағы салдырлақ жолаушылар автобусының салпылдақ шабысы ғой... Содан сол автобус салдырлап отырып, Сәкеңді аудан орталығына жеткізеді екен. Одан ары қарай тозығы жеткен және бір автобус біздің ардақты жинаушы-фольклоршымызды алыс ауданның жыртық-жамау, ойқы-шойқы, қойқалаң жолымен қолқа-жүрегін толқыта, ішек-бауырын түсіре сілкілеп, іздеген әншісінің ауылына апарады ғой... Сөйтсе... мына қырсықты қараңыз, ол кісі бұл ауылда тұрмайтын болып шығады!.. Және бір ойдағы, не қырдағы, әлде ана тұрған таудың бір қуысындағы ма – совхоз бөлімшесінен іздеу керек екен... Бұл ауылда өзін ешкім танымайтын, ешкім танымаған соң, мұндағы ешкімге беделі жоқ Сәкеңнің кімнен көлік сұрар жайы бар – осы арадан бес-алты, әлде жеті-сегіз шақырымдағы шағын ауылға жаяу тартып кетеді. Итшілеп жүріп, қас-қарая жетеді. Азғана үйлі ауылдың, өз айтуынша, қаншама қара итін (меніңше, қараңғыда иттің бәрі қара боп көрінген шығар) абалатып жүріп, іздеген үйін тауып, «Ассалаумағалейкум!» деп, кіріп барса...

Міне, осы арада Сәкеңнің әңгімесі драмалық шырығыстың шырқау шегіне жақындап, шие түйіннің шешілер бірнеше мүмкін нұсқасы алдыңызға тартылады. Бір нұсқасы, мәселен, былай дейді: ... содан «Ассалаумағалейку-ум!» деп, кіріп барса, үйде бала-шаға, келін-кепшік қана қалыпты да, қария осы кеше ғана әлде шаруамен, әлде туысқаншылап алыс жол жүріп кеткен екен... Я, біраздан бері ана таудың ар жағында, мал баққан бір баласына бие байлатып, шалқып жайлауда жатыр екен... Не науқастанып, аудан орталығындағы бәлніске алып кетіпті...т.с.с. Енді бір нұсқасы (және ең сорақысы) – сыбысы мұнан шығып, ұзақ жолда адасып Сәкеңе жеткенше, өзі өмірден өтіп кетіпті, қазір бұ дүниеде жоқ адам екен!.. Фольклоршы-жинаушымызға әлденеше жыл бұрынғы сыбыстың жаңғырығы ғана жетсе керек... Міне, өкініш!.. Салдырлақ автобуста өзі қоса салдырлап, көңілі құлазып, олжасыз бос қайтып бара жатқан Сәкең қандай аянышты!.. Бірақ бұл сипатты әңгіменің және бір тамаша варианты бар. Бұл нұсқа бойынша, кейіпкеріміз «Ассалаумағалейкум!» деп, кіріп барғанда, «Уағалейкумассалам, балам! Сәлемші болсаң, төрге шық!» деп, көнеліктің алтын көмбесіндей көрінген қазыналы қария қауқалақтап, емен-жарқын қарсы алып жатады...

Жинаушы-зерттеушіліктің осы тектес, я бұдан бөлек қаншама қияпаты мен қиынын, қызығы мен шыжығын бір кісідей-ақ көрген Сағатбектің өзіне салсаңыз, мұндай әңгіменің қилы-қилысын айтар еді... Дегенмен, архившіні білмеймін, ел аралап рухани жәдігерлік іздеушінің хикаясы, кейде, аңшының әңгімесіне ұқсап кететіні бар... Әлде, бұл – Сәкеңнің әңгімесіне ғана тән ерекшелік пе, білмедім. Мәселен, осы сипатты әлдебір сапар барысында бір топ түлкі, әлденеше қасқыр соғып алғандай көрінген Сәкең, әңгіме соңында тұрқынан құлағы үлкен жүдеулеу бір қоянды қанжығасынан елеусіз ғана шешіп алып жатқанын, ә дегенде, байқамай да қаласыз... Рас, қанжығасы бұдан гөрі майлырақ, атқан аңы шырайлырақ шығатын сәттері де аз емес – әйтпесе, тасқа таңбаланып хатқа түскен қаншама қазына қайдан жиылар еді!.. Қолға іліккені бір-жар шумақ өлең бе, ұмытылған әуеннің бір қайырым үзігі ме – қандай кейіпте, қанша көлемде жетсе де, баға жетпес мұра екенін Сағатбек жақсы біледі!

Қалай болғанда да, Жетісудың, әсіресе, түстік-шығысында, іздеушісі болмаған соң, ескерусіз жоғалуға таяған ескі әуен-жырлардың әр-әр жерде қалған шашыранды сарқынын жылдар бойы мысқалдап жинап, тірнектеп терген еңбегінің нәтижесі – оқырман қолына кітап болып тарап, ел игілігіне, ұрпақ қажетіне жарап жатыр.

Жетісу әуендерінің бұрынғы-соңғы жиналып-зерттелу жайы туралы айта келіп, жоғарыдағы лекция-концертте академик Р. Бердібаев ақсақал: «Осы Сағатбек аралап, ән-күй жинаған өңірлердегі (Нарынқол, Кеген, Шелек, Еңбекшіқазақ, Сөгеті, Кетпен тараптағы) көне мұраны жинап, зерттеуге осыдан көп жыл бұрын бізбен қатарлас сайдың тасындай бірнеше талантты жігіт белсеніп кіріскен. Арнаулы орындар соңдарына түсіп, қуғындап, жоғалтып жіберді. Заман сондай еді... Енді, міне, жоғымыз табылып, өшкеніміз жанғандай болды!» деп, тебіреніп сөйлеп еді... Жоқты түгендеп, өшкеннің шоғын үрлеуден шаршамайтын Сағатбектің қажыр-қайратының арқасында жиналып, реттеліп баспа жүзін көрген сол асыл мұра үлгілері жалпы жұрттың, әнші-күйші, музыкатанушылардың назарына әлдеқашан ілігіп, бүгінде рухани қазынамызға қосылған бір тамаша үлес болып отыр. Ел ішінен жиған көне сарынға сонша жанашыр, бірақ өз шығармашылығына құнты кемдеу әріптесіміздің қазір Рамазан Стамғазиев, Тілеулес Құрманғалиев сияқты белгілі әншілер орындап жүрген тынысты, сазды, тамылжыған сұлу әндердің де авторы екенін біреу біліп, біреу біле қоймас.



# *Ел аузынан жазып алынған халық әндері*

# ЖАРАПАЗАН

(II түрі)

Халық әні

*Орындаған: Сағат Сабырбек*




2. Айтамыз жарапазан есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесініңе.
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
Құдайым айырмасын несібіңнен.

Бай, Смағұл пайғамбар жарапазан,
Оразаң қабыл болсын, ұстаған жаң!

Үйің, үйің үй екен,
Үйдің көркі ши екен.
Ақ борменен борлатқан,
Ақ сырменен сырлатқан,
Терезесін торлатқан,

# МАТАЙДЫҢ ЖОҚТАУЫ

Халық Әні

Қайғымен, күңірене *Орындаған: Әтен Майлықызы*




А-ей!
Әуелеп ұшқан ақ сұңқар,
Қанатымен жер сипар.
Артыңда қалған Зақайдың
Маңдайынан кім сипар.
Сипамай ешкім қоймас-ау,
Жалғызым, сеңдей болмас-ау!
А-ей! Аялуым-ай!
Жаркентке айдарда,
Бірге неге бармадым?
Жалғызым, сенен айрылдым,
Мұңда неге алдандым?
Қайран апам, қан жұтып,
Тістеулі қалды-ау бармағың.
Жалғызынан айрылған,
Енді бізде не жан бар?
Ағайын, туған ел-жұртым,
Апашымды сыйлаңдар.
А-ей! Аяулым-ай!

# АБАЙ, КҮНІМ-АЙ

*Халық әні*

Шалқыта

*Орындаған: Сағат Дабайұлы*




Қалам алдым қолыма, ей, өрнекпенен,
Бір ғанибет жақсыны көрмек деген.

Қайырмасы:
Абай, күнім-ай,
Ай-күнім-ай,
Апырма(й) ой, айгагай.

Бір белгісі өнердің, ей, көрінеді,
Жіп тартатын мәшине шөлмекпенен.

Қайырмасы.

Мына сөздің келпеті, ей, келген жері,
Бәрі де анық адамға өлмек деген.

Қайырмасы.

Бағаң артық баласың, ей, әуес қылар,
Кімдер мініп жорғаны терлетпеген.

Қайырмасы.

# ҚАЛЫ-КҮЛІК-АЙ

*Халық әні*
*Орындаған: Сағат Дабайұлы*




Ойыма түспей отыр, ахау, өлең деген,
Құлағым өлең десе елеңдеген, ахау, игагәй.
О, тоба, жетпіс жасың, ахау, қиын екен,
Бұрынғы әуенім жоқ дегенмен, ахау, игагәй.

Қайырмасы:

Оу, келд(і)-ау заман,
Қалд(ы)-ау құлан,
Қалы-күлік-ай.

# АЙДАЙ-АЙДАЙ

*Халық әні*

*Орындаған: Керім Елемес*




Айналайын атыңнан, орта бойлым,
Сары майдан айырып, сәулем, торта қойдым-ай.
Жаңа ғана өзіңді көрсем-дағы,
Күлім көз деп атыңды, сәулем, жорта қойдым-ай.

Қайырмасы:

Айдай-айдай,
Ұйқым шайдай
Ашылды, сәулем,
Бір сені ойлай.

Ертелі-кеш ән салсам жалықпаймын,
Тоқсан түрлі даусыңды, сәулем, анықтаймын-ай.
Кәрісің деп қу қыздар күледі екен,
Күледі деп оларға, сәулем, қамықпаймын-ай.

Қайырмасы.

# ИЛИГАЙ, ӘТТЕҢ, ШІРКІН

*Халық әні*

Ырғағын келтіре, сезіммен

*Орындаған: Керім Елемес*




Бір келеді дүние, бір кетеді, ау,
Сұм жалғанның түбіне кім жетеді-ай.

Қайырмасы:

Илигай,
Әттең, шіркін,
Дүние(е)-ай!
Қалад(ы)-ау бір күн,
Күліп-ойна-ай!

Адам түлкі болғанда, ажал - бүркіт, ау,
Қуып барып бір дөңге індетеді-ай.

Қайырмасы:

Илигай,
Әттең, шіркін,
Дүние(е)-ай!
Қалад(ы)-ау бір күн,
Күліп-ойна-ай!

# ҚЫЗДАР-АУ, ИҒАЙ
## (КӨДЕКТІҢ ӘНІ)

*Көдек*

Еркін, шырқата

*Орындаған: Қанағат Карашев*




Ақының алдындағы, оу, асқар тауың,
Жақының жаман болса, анық жауың-ау,
*Лиллалау-лила.*
Тарыдай тал бойында, ау, қайғың болса, а,
Денеңнің біле алмайсың ауру, сауын-ау,
*Лиллалау-лила.*

Қайырмасы:

Тал мойнын талай қыздың талдырғаны,
Қолында Көкеңнің* тұр балдырғаны.
Отыз күн сұлу қыздың шаршы толып,
Қолына көкең отыр алдырғалы.
Қыздар-ау, игай!
Байбан-ау, игай!
О-оу,
Әридім, аридай.

* Көкеңнің - ақын Көдек Маралбайұлын ел ішінде Көкең деген.

# ҚАЛҚА БАЛА

*Халық әні*
*Орындаған: Индира Мақаева*

Шаттық сезіммен




2.Айналайын елімнің қабағынан,
Дәм тарттырған қастерлі табағынан-ай.
Алқаласа, ақсақтай күй төгілер,
Кеудемдегі жыр-қобыз шанағынан-ай.

Қайырмасы:

Ән қалаған,
Алқалаған,
Қарқарадан қызығым
Тарқамаған.

# БАҒЛАН-АЙ

*Халық әні*

Соза *Орындаған: Дүкен Мәсімханұлы*




2. Көш айдаймын көшкенде көк тайменен,
Самаурынмен шәй ішем, шәйнекпенен,
Бағлан-ай,
Алыс ауылым кеткенде, қимас қалқа,
Дүрбі салып қараймын әйнекпенен,
Бағлай-ай!

Қайырмасы.

3. Дәйім менің мінгенім қасқа құнан,
Сақта, құдай, қыздардың асқағынан,
Бағлай-ай.
Шыныменен құласа көңіл шіркін,
Жолығайық ауылдың тастағынан,
Бағлан-ай.

Қайырмасы.

# БОЛСАҢШЫ ӘНГЕ ҚҰМАР-АЙ

*Халық әні*

*Орындаған: Дүкен Мәсімханұлы*




2. Ендеше, Іле деймін, Іле деймін,
Іледен өте шықтым, міне, деймін.
Болсаңшы әнге құмар-ай!
3.Кісіге кісі жары жар болмайды,
Тілеуін өз жарыңның тіле деймін.
Болсаңшы әнге құмар-ай!

# ӘГУГӘЙ-УГӘЙ

*Халық әні*

Айқын, ырғағына келтіре

*Орындаған: Тұрсынжан Шапай*




Кегеннің біздің ауыл, ахоу, төрінде отыр-ай,
Баяғы өзің көрген, айхой, жерінде отыр,
әгугәй-угәй.
Көңілің шыныменен, ахоу, менде болса-ай,
Көзіме сағат сайын, айхой, көрін де отыр,
әгугәй-угәй.

Қайырмасы:

Па, шіркін,
Дүние-ау жалған,
Әгугәй арман-ай.
Түспейді еркін қолға,
Айхой, көңілге алған,
Әгугәй-угәй.

# ОХОЙ, ЖАНЫМ

*Халық әні*

Кең үнмен, көтеріңкі

*Орындаған: Тұрсынжан Шапай*




Көрінген көтеріңкі-ау биік аспан,
Әлемге ай менен күн, ей, ахау, нұрын шашқан,
охой, жаным, охохой.
Құр(ы) етпес тір(і) еткенді-ау деген алла,
Жан берген күліп-ойна деп, ей, ахау, әуел бастан,
охой, жаным, охохой.

Қайырмасы:

Ей,
Ахау, бүрлен,
Кісіде арман болмас,
Ей, ахау, сізбен жүрген,
Охой, жаным, охохой.

Қарағым айналайын, оу, қырғи қабақ,
Сен едің суда жүзген, ей, ахау, алтын шабақ,
охой, жаным, охохой.
Салсам да күміс қармақ, оу, ілінбейсің,
Қайтейін қылығыңды, ей, ахау, беу, ақтамақ,
охой, жаным, охохой.

Қайырмасы.

# ҮРИЯ-АЙ, КӨКЕК

*Халық әні*
*Орындаған: Тұрсынжан Шапай*




Әуеде ұшып жүрген көкек деген, ай,
әй, көкек-ай,
Бауырында балапаны секектеген,
үрия-ай, көкек, әгугәй.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің, ай,
әй, көкек-ай,
Айрылып қалқатайым кетед деген,
үрия-ай, көкек, әгугәй.

Қайырмасы:

Әй, әй, көкек,
Әй, әй, көкек,
Түспейді еркін қолға көңілге алған,
Үрия-ай, көкек, әй, көкек-ай.

# АЛ, ЖАНЫМ-АЙ

*Халық әні*

Көтеріңкі көңілмен

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Өлең деген немене өнерпазға-ау,
Өлең тұрмақ сөз қиын, ал, жаным-ай,
ақыл(ы) азға-ай.
Көтерелік көңілді осындайда-ау,
Кім бар, кім жоқ ендігі, ал, жаным-ай,
келер жазға-ай.

Қайырмасы:

Ал, жаным-ай,
Аман-есен болса екен
Мал-жаның-ай.

Қонған жері елімнің ой болса екен-ау,
Ойды қаптай жайылған, ал, жаным-ай,
қой болса екен-ай.
Сұрайтыным тағдырдан, ауылыңда-ай,
Күнде осындай бас қосар, ал жаным-ай,
той болса екен-ай.

Қайырмасы.

# АЙ, КҮНІМ-АЙ

*Халық әні*

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Асыл құмған, ендеше, асыл құмған-ай,
Айналайын көзіңнен,ай, күнім-ай, ашып-жұмған-ай.
Әкең сұңқар болғанда, шешең-тұлпар-ай,
Неге жаман боласың, ай, күнім-ай, содан туған-ай.

Әруағына сиынған Биекенің-ай,
Жаман білмес жақсының, ай, күнім-ай, кім екенін-ай.
Қайда жүрсе жақсының жаттығы жоқ, ай,
Жақсы болсаң боларсың, ай, күнім-ай, бір мекенім-ай.

# ӘЛУ-АЙ

*Халық әні*

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Ендеше, ой, қабанымыз, оу,қабанымыз,
Ауырар жаяу жүрсек табанымыз, әлу-ай.
Халыққа тарғалаң-ай, оу, заман келді,
Болады енді қандай заманымыз, әлу-ай!

Ендеше ой, дүниесін, оу, дүниесін,
Ойласам дүниені шығады есім, әлу-ай.
Бозторғай, оу, қой үстіне, оу, жұмыртқалар,
Боламыз қайуақытта, қоя берсін, әлу-ай.

# ЖЕЛБІР ЖЕКЕН

*Халық әні*

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*

Көтеріңкі көңілмен




Айналайын, қарағым, алтыным-ай,
Ақ жүзіңді көргенде балқыдым-ай, ау.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды-ау,
Есен-аман жүрмісің, жарқыным-ай, ау.

Қайырмасы:

Желбір жекен,
Желіп жүрген
Жайлауда
Біз бір бөкен-ау.

Айналайын, қарағым, хал жақсы ма?
Көзің салма көрінген әр жақсыға-ау.
Көзің салсаң көрінген әр жақсыға,
Бәрі сұлу көрінер алғашқыда-ау.

Қайырмасы.

# КЕГЕНІМ

*Халық әні*

Еркін, ашық үнмен *Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Мінгенім көш алдында құла тайым,
Құйрығын құла тайдың шұбатайын.
Түскенде сен есіме, қайран елім,
Көңілді өлең айтып жұбатайын.

Қайырмасы:

Кегенім!
Кегенім!
Иіліп сәлем беремін.

Өлеңім он жасымнан өрге жүзген,
Қоңыр қаз су жағалай көлде жүзген.
Шынжырым жеті атамнан үзілмеген,
Ағыздық сүттен бұлақ іргемізден.

Қайырмасы.

# ҚАРҚАРА

*Халық әні*

Баяндай *Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Басында керегенің оймақ тұрар,
Жігітке кедейшілік қой бақтырар, угәй-әй.
Алғаны ер жігіттің жақсы болса,
Бұралып тал шыбықтай ойнап тұрар, угәй-әй.

Қайырмасы:

Угәй-әй,
Ел жайлауы Қарқара,
Мекен болған қалқама.
Жәрмеңкеде ән салған,
Бар қызығым, угәй, жаным, тарқама.

Жарасқан жамалына қарқарасы,
Сұлуға әркімнің-ақ бар таласы, угәй-әй.
Жігіттер сұлуларға таласпаңыз,
Бұйырса жаны сұлу жар табасыз, угәй-әй.

Қайырмасы.

# СЫРҒАЛЫ ЖЕҢГЕЙ

*Халық әні*
*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*

Көтеріңкі көңілмен




Ендеше, қарағайлы, қарағайлы,
Топ жылқы қарағайды аралайды,
жаным, жеңеше-ай.
Ән салып, әзілдесіп отырайық,
Үндемей қойғаныңыз жарамайды,
жаным, жеңеше-ай.

Қайырмасы:

Сырғалы жеңгей, сыртыңнан
Таныс едім былтырдан.
Тамашаңа таң қалып,
Талай адам ұмтылған.

Ендеше, теріскейлі, теріскейлі,
Топ жылқы теріскейді тегіс жейді,
жаным, жеңеше-ай.
Бас қосып бағландар отырғанда,
Ән салмай отырғаның келіспейді,
жаным, жеңеше-ай.

Қайырмасы.

# ШАҺИБАЗ

*Халық әні*

Сағынышпен

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Ауылыңа шығып ем Қарқарадан,
Қарқараның басынан ән тараған, Шаһибаз.
Ат арытып алыстан келгенімде,
Қарсы жүрші керіліп, қалқа, маған, Шаһибаз.

Қайырмасы:

Сары самаурын сан қайнап,
Сағындым, сәулем, сені ойлап.
Қиыр қыстап, шет жайлап,
Келер ме екен дәм айдап.

Қара судың жағасы қара барқын,
"Қарақ", "шырақ" деуші едім сөздің салтын, Шаһибаз.
Басы күміс сөзімнің, аяғы - алтын,
Айтқызбай-ақ түсінген көңіл парқын, Шаһибаз.

Қайырмасы.



# Ел аузынан жазып алынған халық композиторларының әндері

# ДҮНИЕ-АУ

*Қапез Байғабылұлы*

Ырғағына келтіре, терең сезіммен *Орындаған: Ғалымжан Досанұлы*




Жапалақ жалп етеді жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас қылғаннан сақта, құдай,
Қасқыр да қас қылмайды, дүние-ау, жолдасына.

Қайырмасы:

Оу!
Ақтоғай, Кеңсу, Арал, Орта Меркі,
Айдында аққу жүзсе, көлдің көркі.
Кейбіреу бүгін тату, ертең араз,
Берген соң бұзылмасын, дүние-ау,
ердің серті.

Қасқыр да қас қылмайды жолдасына,
Болмаса бір арамдық өз басында.
Жер бетін топан қаптап кетсін мейлі,
Түбінде өзен ағар, дүние-ау, арнасында.

Қайырмасы.

# ҚАПЕЗДІҢ ӘНІ

*Қапез Байғабылұлы*

*Орындаған: Ғалымжан Досанұлы*

Күңірене




Алаш қонған ақ боз үй бос қалды ма?
Жетім, жесір қасында дос қалды ма?
Өкінбейтін десем де өзегім бар,
Өтіп кетт(і)-ау дүни(е)-ау, қас қағымда.

Қайырмасы:
Ай, әзәзілге сендің бе?
Айтқанына көндің бе?
Халқым деген Қапезді-ау,
"Жау" деп ұстап бердің бе, ей?
Ит жеккенге айдаған,
Азизовтың әлегі,
Бұлбұл құстай сайраған
Бұл Қапездің әні еді, ей,
Илигай, илигай, илигай, ей,
Илигай, илигай, илигай,
Аһ, ух, аһ, ух, аһ, ух, илигай-әй.

Қалып барад артымда балапаным,
Аямасын ағайын алақанын.
Кебін кимей, кебенек киіп барам,
Қош-есен бол, Ақтоғай, Алатауым!

Қайырмасы:

# МЕРКІ

*Қапез Байғабылұлы*

Баяндай

*Орындаған: Ғалымжан Досанұлы*




Біздің ауыл шұрайлы, ахоу, Тоғызбұлақ,
Семірген тұр(а) алмайды, ахоу, өгіз құлап.
Кейбір жаман тамшыға, ахоу, жете алмайды,
Дәметіп жаратқаннан, ахоу, теңіз сұрап.

Қайырмасы:

Ахоу,
Орта Меркі, Шет Меркі,
Меркі, Меркі,
Қарқара,
Кеген менен жердің көркі.

Білім алдым Стамбол, ахоу, қаласынан,
Алаштың тәлім бердім, ахоу, баласына.
Өлгеннен соң құр жылар, ахоу, тірісінде
Кім жетер азаматтың, ахоу, бағасына.

Қайырмасы.

Он жасымда қайтейін, ахоу, бала болдым,
Он бесте жолымды іздеп, ахоу, дала қондым.
Отызымда ағайын, ахоу, ашыққан соң,
Бір өзім алпыс үйге, ахоу, пана болдым.

Қайырмасы.

# АЙХАЙ

*Қапез Байғабылұлы*

*Орындаған: Ғалымжан Досанұлы*




Аналары айрылған, айхай, баласынан,
Айрылған балалары анасынан.
Жетім, жесір, жетімек, айхай, ашыққан соң,
Сабанның дән іздейді арасынан.

Қайырмасы:
Айхай,
Ауыр күн-ай!
Жазатын күн бар ма екен бауырымды-ай.
Айхай!
Қазағым-ай,
Арылар күн бар ма екен азабыңнан?!

Күнің қайда кешегі, айхай, ән іздеген,
Сайраңдап, сауық құрып, сән іздеген-ай.
Қара түнге тап болдың, айхай, күндіз-түні,
Інінен сұр тышқанның дән іздеген.

Қайырмасы:

Қара түнек қаптады, айхай, аспанымды,
Қайтейін аш мұңынан басқа мұңды.
Мұңайманңдар, бауырлар, айхай, мұңаймаңдар,
Күн туар көтеретін бастарыңды.

Қайырмасы:
Айхай,
Ауыр күн-ай!
Күн туар жазатұғын бауырыңды-ай.
Айхай!
Қазағым-ай,
Күн туар арылатын азабыңнан.

# ЖҮР, ҚАЛҚАМ

*Жақыбаев Базархан*

*Мәтіні: Мұқағали Мақатаевтікі*

Көтеріңкі




Шайқалып нұр,
Маужыраған мамырдан май тамып тұр.
Жайқалып қыр,
Тауға соққан боз сағым қайта ағып тұр.
Айталық сыр,
Серуендеп жүр, қалқа, айталық бір.

Сырласайық,
Қызғалдықты иіскеп бір жасайық.
Қыр басайық,
Әмсе бұлай мамырдың тұрмас айы.
Мұңдасайық,
Қос көңілдің пернесін бір басайық.

Танысайық,
Сенде мамыр, ал менде август айы.
Табысайық,
Сенде шырын дән ауысайық.
Ауысайық - тауысайық,
Шырынын да, дәнін де тауысайық.

# АХАУ, ҚАЛАУЛЫ-АЙ

*Сәдіғожа Мошанұлы*

*Орындаған: Құныпия Алпысбаев*

Еркін, терең сезіммен




Ерке сәулем, есіңе ал, ескер мені,
Өзіңді ойлап құрбыңның ескергені.
Қайырмасы:
Ей, ахау!
Ахау, қалаулы-ай,
Көңілім сені қалауда-ай.

Есен-аман жүрмісің, қимас қалқам,
Кездеспедім өзіңмен көптен бері.
Қайырмасы:
Ей, ахау!
Ахау, қалаулы-ай,
Жүрмін саған бара алмай.

Ерке сәулем, есіңе ал ұмытпастан,
Кездескен күн есімде ашық аспан.
Қайырмасы.

Бар ма сенің есінде, қимас қалқам,
Ойнап-күліп сол күндер көңіл ашқан.
Қайырмасы.

Түн жамылып үстінде Көктекшенің,
Бар ма сенің есіңде серттескенің.
Қайырмасы.

Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Лайық па осында көксеткенің.
Қайырмасы.

# ЕЙ, АХАУ

*Сәдіғожа Мошанұлы*
*Орындаған: Құнымпия Алпысбаев*

Еркін сезіммен




Домбырам екі ішекті, мойны қайың,
Жақсы адам ақыл алар жыл-жыл сайын,
Ей, ахау, жыл-жыл сайын.
Алдыма айтар кісі кез келгенде,
Азырақ ағызайын тілдің майын,
Ей, ахау, тілдің майын-ай.

Дегенде домбыраны, домбыраны,
Тиегін бір шеберге жондыралы,
Ей, ахау, жондыралы-ай.
Көңілің расымен болса менде,
Бір сайға екі ауылды қондыралы.
Ей, ахау, қондыралы-ай.

# САРЫ БИДАЙ

*Сәдігожа Мошанұлы*
*Орындаған: Құныпия Алпысбаев*

Еркін, көтере




Біздің ауыл Кетпеннің етегінде,
Ерте шықсам ауылыңа жетемін бе,
Сары бидай,
Сағындым, қалқам,
Ауылыңды-ай.
Ақ тамақтан емінтіп бір иіскетсең,
Айналсоқтап қасыңнан кетемін бе,
Сары бидай,
Сағындым, қалқам,
Ауылыңды-ай.

Қайырмасы:
Есіктің алды тал, қайың,
Басыңда тұрмас жаз дайым.
Қалқатай еске түскенде,
Сары бидай әнін
Сағынып сонда салғаным.

Қойды басым арылмай бұлттан бір күн,
Сенсіз жалған секілді өмір шіркін,
Сары бидай,
Сағындым, қалқам,
Ауылыңды-ай.
Ат арытып алыстан барғанымда,
Ақ маралдай керіліп шықсаң шіркін,
Сары бидай,
Сағындым, қалқам,
Ауылыңды-ай.

# ЖАЙДАРМАН

*Рыскелді Сауданұлы*

Тебірене *Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*




Құлатпаған, ендеше, құлатпаған,
Пендесі жоқ құдайдың жылатпаған.

Қайырмасы:

Жайдарман,
Жаутаң көз,
Жайды білсең,
Айтам сөз.

Алты қанат ақ үйге сыя алмаймын,
Құдай берген өлеңім шыдатпаған.

Қайырмасы:

Жайдарман,
Жаутаң көз,
Әкем-ау деп айтам сөз.

# ИЛИГАЙ, СӘУЛЕМ

*Рыскелді Сауданұлы*

*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*

Баяндай




2. Армысың, айналайын шырағым-ай,
Жарасқан алтын сырға құлағыңа-ай,
Илигай, сәулем-ай, илигай!

3. Гауһар тас, ақық, меруерт, інжу-маржан,
Қақтаған ақ күмістей, ау, сынабым-ай,
Илигай, сәулем-ай, илигай!

4. Не болар қос ғашықтың сыры ашылса,
Табысар өліп-өшіп, ау, расынша,
Илигай, сәулем-ай, илигай!

5. Ғашық боп мен де бір сәт елжірер ем,
Сұм көзім тым болмаса, ау, бір ашылса,
Илигай, сәулем-ай, илигай!

# КҮЛІМХАНҒА

*Рыскелді Сауданұлы*
*Орындаған: Сүйімбике Хасенқызы*

Баяндай




Айналайын құдайым жаратқан-ау,
Қырық күннен көзімді қаратпадың, жан қалқа.
Кішкенеден қосылған Күлімхан-ау,
Дидарыңды көре алмай алақтадым, жан қалқа.

Қайырмасы:

Жалт қараған жаутаң көз,
Жайды білсең, айтам сөз.
Қырдың қызыл елігі,
Қапияда болдың кез.

О да болса Алланың сыйы ма екен,
Көрген жанның көңілі құйын екен, жан қалқа.
Қолын ұстап қалқаның, даусын естіп,
Көрмегенің жамалын қиын екен, жан қалқа.

Қайырмасы.

Менен де өтер бұ дүние, сенен де өтер,
Өлмеген соң қу кеуде өлеңдетер, жан қалқа.
Даусым ашық болған соң, көңілім асық,
Ғашық жанның құлағын елеңдетер, жан қалқа.

Қайырмасы.

# ЖАМБЫЛ АТА

*Зікірияұлы Әкімхан*

*Орындаған: автор*

Орташа екпінде




Ей! Бұлбұлы заманымның ей, Жамбыл ата.
Тәтті әнге, асыл жырға даңғыл ата-ау.
Туған жер, өскен елдің арасында
Жырлаған тоқтамастан сан жыл ата.
Оу! Тарих орын берген-оу, асылдарға,
Сөнбейтін от-жалыны жасындарға.
Даңқыңыз, атағыңыз айтылмақшы,
Ұрпақтан ұрпаққа, ғасырларға.

Қайырмасы:

Жамбыл ата,
Жырлаған сан жыл, ата,
Риза бол ұрпақтарға,
Бергін бата, Жамбыл ата!

# МЕНІҢ АТЫМ - ШАЛТАБАЙ

*Шалтабай*

*Орындаған: Сағатбек Медеубекұлы*

Кең үнмен




Менің атым - Шалтабай, әкем - Алпар,
Өтіп кетт(і)ау Тазабек - қайран сұңқар!
Сары қымызбен ауызымд(ы)ау шайқауш(ы) едім,
Бір қасық қара суға болдым іңкәр.

Қайырмасы:
Менің атым - Шалтабай,
Асылдан соққан балтадай.
Шалтабайдан жалғызды
Кім іздеп арттан қайтады-ай,
Е-е-е-ей!



# Ел аузынан жазып алынған халық күйлері

# АҚҚУДЫҢ ҚАПТАУЫНАН АСУЫ

Қалқыта, екпінмен

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*



# ЖЕТІ АТАН - ЕРКЕ АТАН
# ЕРКЕ АТАННЫҢ ҚАРА ЖОРҒАДАН ҚАШҚАНЫ

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Жорғалата, қуалай



# ЕРКЕ АТАННЫҢ ЖАНТАҚ ШАЛҒАНЫ

Нәзік, жайдары

*Орындаған: Аятқан Бекмұханбетов*



# ЖАҢЫЛТПАШ САЙҚАЛ

(бәдік күй)



*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Жүрдек, ойнақы





# МҰҢЛЫҚ - ЗАРЛЫҚ

*Орындаған: Елемес Таласбай*

Жәй, тебірене





# ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*





# БАТЫРДЫҢ АРМАН КҮЙІ

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Жігерлі



# АБЫЛАЙ ХАННЫҢ МАЙДАҚОҢЫРЫ

(І ТҮРІ)



*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Жорғалата, арынды



# АБЫЛАЙ ХАННЫҢ МАЙДАҚОҢЫРЫ
## (II ТҮРІ)

*Орындаған: Аятқан Бекмұханбетов*

Жорғалата



# ТЕРМЕ КҮЙ

*Орындаған: Намазбай Орманов*

Үздіксіз, әндете



# АЛЫП ҚАРА ҚҰС

## АҢШЫНЫҢ ЕСТІРТУІ



*Орындаған: Сабырбек Рысқұлұлы*

Сабырмен, күңірене



# КЕМПІРДІҢ ЗАРЫ

*Орындаған: Сабырбек Рысқұлұлы*

Зарлы



# АЛЫП ҚАРА ҚҰС
## АҢШЫНЫҢ ЖЫЛАУЫ МЕН ЖҰБАТУЫ

*Орындаған: Сабырбек Рысқұлұлы*

Зарлы





# АҢШЫНЫҢ ЖҰБАТУЫ

Толғаныспен

*Орындаған: Аятхан Бекмұханбетов*




Жы-ла-ма кем- пір, жы-ла- ма!

# БЕСІК КҮЙ

*Орындаған: Сабырбек Рысқұлұлы*

Тебіренте



# ҰРАН КҮЙ

Жігерлі

*Айтушы: Сабырбек Рысқұлұлы*



# ӘБДІРАҚПАННЫҢ ШЕРТПЕСІ

Орташа *Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*



# БЕСТІБАЙДЫҢ ТЕПЕҢКӨГІ

Орындаған: Сауқынбек Шаханұлы

Орташа, ойнақы



# ЕСЕН АҚЫННЫҢ ӘН-КҮЙІ

Екпінді

Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы







# МӘСІМБАЙДЫҢ ТЕРМЕ КҮЙІ

*Орындаған: Сауқынбек Шаханұлы*

Орташа, шабытпен



# ҚАҢЫРЫ САДЫҚТЫҢ АРМАНЫ

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Орташа, қарқынмен





# ҚОЖАҚАННЫҢ "БОСТАН" КҮЙІ

Орындаған: Сауқынбек Шаханұлы

Көтеріңкі



# ҚЫЗАЙ ӘШІМНІҢ КҮЙІ
(І түрі)

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Орташа, тербете



# КӘТІПТІҢ КҮЙІ

Бір қалыпты

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*





# САРЫ ҚАСЫМНЫҢ ШЕРТПЕСІ

*Орындаған: Сауқынбек Шаханұлы*

Орташа сабырмен



# ТІЛЕМІСТІҢ ТЕРМЕ КҮЙІ

Толғата, орта екпінде

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*




f mp
mf f p mp
f

# ҚАЛМАҚ КҮЙІ "ДОМБЫРЖАЙ"

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*

Бір қалыпты, әуендете



# ҚАЛМАҚТЫҢ ҚАРА ЖОРҒАСЫ

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Орташа, би ырғағымен



# ҚАЛМАҚ КҮЙ

Ән сияқты

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*



# ҚАЛМАҚТЫҢ БИ-КҮЙІ

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*





# Халық композиторларының күйлері

# АРЫЗДАСУ

*Қожеке Назарұлы*

*Орындаған: Елемес Таласбай*

Бір қалыпты





# АРМАН
(I түрі)

*Қожеке Назарұлы*

Жігермен

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*



# БҰЛБҰЛ

(I ТҮРІ, I НҰСҚА)

*Қожеке Назарұлы*

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*

Орташа, сайрата





# САРБАРПЫ БҰЛБҰЛ

*Қожеке Назарұлы*

*Орындаған: Сәрсебек Мұқашұлы*

Екпінді, жігермен



# НҰРҒАЗАРЫН БҰЛБҰЛ

*Қожеке Назарұлы*

*Орындаған: Омархан Керімқұлов*

Орташа, нәзік үнмен





# КҮЙ ШАҚЫРТҚЫ
(II НҰСҚА)

*Қожеке Назарұлы*
Орындаған: Ясын Мәмедінұлы

Жігерлі





# КҮЙ ШАҚЫРТҚЫ
(II ТҮРІ)

*Қожеке Назарұлы*

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Шалқыта





# ТЕРІСҚАҚПАЙ

*Қожеке Назарұлы*
Орындаған: Ясын Мәмендінұлы

Тебіреніспен





# ТҰЙЫҚ

*Ясын Мәмедінұлы*
*Орындаған: автор*

Толғаныспен





# ТЕРМЕ КҮЙ

*Мұсабай Сәлбенбекұлы*
*Орындаған: автор*

Бір қалыпты, жігерлі



# АРМАН

*Мергенбай Ерденеұлы*

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Баяу, жігермен







# ЖОҚТАУ



*Нұрмұханбет Мергенбайұлы*

*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Ұстамды, сөйлете





# ҚАРАЖОРҒА

*Омархан Бекмұханбетұлы*

*Орындаған: Аятхан Бекмұханбетов*

Жорғалата



# САЙРАБҰЛБҰЛ

*Ыбырайымхан Мергенбайұлы*
*Орындаған: автор*

Құйқылжыта, сайрата





# САЛДЫРМАҚ

*Меңдеке Нұрмұханбетұлы*
*Орындаған: Аятхан Бекмұханбетов*

Шалқыта





# ШАБЫТ

*Сауқынбек Шаханұлы*
*Орындаған: автор*

Орташа, екпіндете, шалқыта



# КЕРТОЛҒАУ

*Орындаған: Сауқынбек Шаханұлы*

Орта екпінде, толғаныспен







# ТЕРМЕ КҮЙ

Жігерлі, баянды

*Бөлтірік Атыханұлы*
*Орындаған: Ыбырайымхан Мергенбайұлы*




f

# КҮЙ ШАҚЫРТҚЫ

*Елемес Таласбай*
*Орындаған: автор*

Жайдары, үзбей





# ТАУ БҰЛАҒЫ

Орташа, тебіренте

*Сәмет Мұхамедұлы*
*Орындаған: автор*





# Авторлық әндер

# БЕСІК ЖЫРЫ
## (1-ТҮРІ)

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Баяу, тербете




Әлди, әлди алайын,
Жаялығың жаяйын,
Түбегіңді шайқайын,
Шүмегіңді байқайын,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Таңдап әкеп тал, терек,
Бесік идім сәнді, ерек,
Құс мамығы – көрпешең,
Жұмсақ па екен, балбөбек,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Салтын сақтап сыйлаған,
Халқын жатқа қимаған,
Жарқын жүрер жасқанбай,
Сен боларсың сыйлы адам,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Бабалардай батыр жан,
Аталардай ақылман,
Аналардай ақын жан,
Сен боларсың, құлыным,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Дүниемен елдесіп,
Ақын жатқан бұл бесік,
Дүлей күшпен белдесіп,
Батыр жатқан бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Ерте, ерте, ертеден,
Жер тербеткен бұл бесік.
Киесі - сөз, серті – өлең
Ел тербеткен бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай!

# БЕСІК ЖЫРЫ
## (2-ТҮРІ)

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Таңдап әкеп тал, терек,
Бесік идім сәнді, ерек,
Құс мамығы – көрпешең,
Жұмсақ па екен, балбөбек,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Салтын сақтап сыйлаған,
Халқын жатқа қимаған,
Жарқын жүрер жасқанбай,
Сен боларсың сыйлы адам,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Бабалардай батыр жан,
Аталардай ақылман,
Аналардай ақын жан,
Сен боларсың, құлыным,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Дүниемен елдесіп,
Ақын жатқан бұл бесік,
Дүлей күшпен белдесіп,
Батыр жатқан бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Ерте, ерте, ертеден,
Жер тербеткен бұл бесік.
Киесі - сөз, серті – өлең
Ел тербеткен бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Дүниемен елдесіп,
Ақын жатқан бұл бесік,
Дүлей күшпен белдесіп,
Батыр жатқан бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай!

Ерте, ерте, ертеден,
Жер тербеткен бұл бесік.
Киесі - сөз, серті – өлең
Ел тербеткен бұл бесік,
Әлди, әлди, әлди-ай! !

# ТҰСАУ КЕСЕР

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Бір жығылып, бір тұрған
Қадамыңнан айналдым.
Ер жетуге ұмтылған
Талабыңнан айналдым, Тәй, тәй, тәй!

Жүгірем деп балаша,
Алға ұмтыла талпынған.
Талпынғаның тамаша,
Қаз-қаз тұрған, балдырған,
Тәй, тәй, тәй!

Қайырмасы:
Адымдағын, әй, бөпем,
Жаңылмағын, тәй, бөпем!
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Тәй-тәй басшы, тәй, бөпем!

Тұсауыңды кесейік,
Салып ата салтына.
Ертерек сен есейіп,
Қызмет ет халқыңа, Тәй, тәй, тәй!

Аттай көрме, бүлдіршін,
Ала жібін басқаның.
Бейбіт нұрлы күн күлсін,
Ашық болып аспаның, Тәй, тәй, тәй!

Қайырмасы:
Адымдағын, әй, бөпем,
Жаңылмағын, тәй, бөпем!
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Тәй-тәй басшы, тәй, бөпем!

«Жолы айқара ашылды,
Енді адымдап кетед»,- деп,
Әжең жаны асыл-ды,
Жүрді сені жетектеп, Тәй, тәй, тәй!

Күлгін, тағы күле ғой,
Әппақ сенің талабың.
Жүр, балапан, жүре ғой,
Құтты болсын қадамың,Тәй, тәй, тәй!

Қайырмасы:
Адымдағын, әй, бөпем,
Жаңылмағын, тәй, бөпем!
Әй-әй бөпем, әй бөпем,
Тәй-тәй басшы, тәй, бөпем!

# СҮНДЕТ ТОЙ

Жігерлі, екпіндете

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Ер баланы сүндеттеу,
Мұсылмандық міндеттеу,
Сол дәстүрді құрметтеу,
Мен арқылы жалғасқан.

Ашамайға мінгенім,
Елді аралап жүргенім -
Иманы бар жандарды
Туысым деп білгенім.

Маған келген бұл сүндет-
Мұсылмандық ұлы міндет.
Бар әлемге жар салам
Иман нұры сіңсін деп.

Уағыздайтын елдігін-
Мұсылманмын мен бүгін!
Лә-иллаха, иллаллах,
Мұхаммед расул Аллах!

# ТІЛАШАР

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Көтеріңкі көңілмен




Алтыға толдым биыл мен
Оқушы болып киінем.
Арқама сөмке асына
Мектепке барам,
Мектепке барам асыға.

Қарындаш салдым қалтама
Отырдым алғаш партаға.
Білімге қарай жол ашқан,
Мың алғыс саған,
Мың алғыс саған, ата-ана!

Еркеңіздің мойнына
Ақ жағасы жарасар.
Кел, келіңіз тойыма,
Тойымның аты,
Тойымның аты – тілашар!

# КҮМІС ҚОҢЫРАУ

*Мәтіні: С.Медеубекұлы*
*Әуезі: Белгісіз*

Жәйбарақат, сағынышпен




Келгенімде ең алғаш балдырған ем,
Үмітімді күн сайын жандырған ең.
Көңілімде күмбір күй, күміс қоңырау,
Сусынымды біліммен қандырған ең.

Қайырмасы:
Көңілімде күмбір күй, күміс қоңырау.
Сусынымды біліммен қандырған ең.

Көмейіңде таусылмас сан сыр бардай,
Өзіңменен қоштасам ән, жыр арнай.
Қия алмаймын, қимаймын, күміс қоңырау,
Жүрегімде сыңғырың жаңғырғандай.

Қайырмасы:
Қия алмаймын, қимаймын, күміс қоңырау,
Жүрегімде сыңғырың жаңғырғандай.

Күміс үнің қосылған күлкімізге,
Сен қарсы алған қаладау-ау шіркін күз де.
Мәңгі бізбен сыңғырың, күміс қоңырау,
Келешектің тапсырдың кілтін бізге.

Қайырмасы:
Мәңгі бізбен сыңғырың, күміс қоңырау,
Келешектің тапсырдың кілтін бізге.

# ПАРТАЛАСЫМ ЖАН ҚҰРБЫМ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Жайдары, шалқыта




Есінде ме алғашқы,
Қоңыраудың сыңғыры.
Сол сыңғырға жалғасты,
Келешектің бір жыры.

Қайырмасы:
Қылығыңның барлығын
Көңілімде қалдырдың.
Сені қалай ұмытам,
Парталасым, жан құрбым.

Сыныптағы бар бала,
Бізді жұпқа балайтын.
Біз отырған партаға
Қызығумен қарайтын.

Қайырмасы:
Қылығыңның барлығын
Көңілімде қалдырдың.
Сені қалай ұмытам,
Парталасым, жан құрбым.

Балалық пәк сезіммен,
Меніменен достастың.
Сол періште кезіңмен,
Келмей жүр ме қоштасқың

Қайырмасы:
Қылығыңның барлығын
Көңілімде қалдырдың.
Сені қалай ұмытам,
Парталасым, жан құрбым.

Көп жыл өтті мектепте,
Артта қалды балалық.
Мұңаймағын сен текке,
Бірге оқуға баралық

Қайырмасы:
Қылығыңныңбарлығын
Көңілімде қалдырдым.
Сені қалай ұмытам,
Парталасым, жан құрбым.

# МЕКТЕП МАРШЫ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Нық, жігерлі




Керегең күміс, босағаң алтын
Мұра қып мәңгі жасаған халқым,
Ошағым, ордам, киелі мекен,
Сені өзге мендей сүйеді ме екен?

Қайырмасы:
Шаңырағынан шуағы асқан,
Қоңырауынан жыр-әнін шашқан.
Мерейі асқақ мектебім менің,
Біліммен мәңгі көктеп гүлдегін

Ұстазым менің, данасың неткен,
Ата дәстүрін санасына еккен
Шәкіртің ақтар сеніміңді ертең
Еңбекпен ерен елін гүлденткен.

Қайырмасы:
Шаңырағынан, шуағы асқан
Қоңырауынан жыр-әнін шашқан.
Мерейі асқақ мектебім менің,
Білім ап сенде көктеп, гүлдедім.

Ақ сүтпен емген ананың тілін,
Аялап сақтар даланың гүлін
Отанға адал арлы жастарың-
Самғасын көкте қарлығаштарың!

Қайырмасы:
Шаңырағынан, шуағы асқан
Қоңырауынан жыр-әнін шашқан.
Мерейі асқақ мектебім менің,
Білім ап сенде көктеп, гүлдедім.

# ЖАС ҰЛАНДАР МАРШЫ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Отбасын, Отанын қорғаған,
Бабалар дәстүрін қолдаған.
Аналар ақ сүтін ардақтап,
Әкелер ерлігін жалғаған.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

Ынтымақ, бірліктен
шықпастан,
Достасқан,
алға адым нық басқан.
Ұштасқан тілегі ұрпақпен,
Бас қосқан,
Ұл-қызы жұптасқан.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

Өнерде, оқуда, еңбекте,
Қиындық кездессе жеңбекке
Бел буған
Жас ұлан жыр, әні
Шырқалсын шарықтап жер, көкте.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

# ҰЛАНДАР МАРШЫ

Жігерлі, нық сеніммен

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Отбасын, Отанын қорғаған,
Бабалар дәстүрін қолдаған.
Аналар ақ сүтін ардақтап,
Әкелер ерлігін жалғаған.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

Ынтымақ, бірліктен шықпастан,
Достасқан,
алға адым нық басқан.
Ұштасқан тілегі ұрпақпен,
Бас қосқан,
Ұл-қызы жұптасқан.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

Өнерде, оқуда, еңбекте,
Қиындық кездессе жеңбекке
Бел буған
Жас ұлан жыр, әні
Шырқалсын шарықтап жер, көкте.

Қайырмасы:
Ей!
Ертеңі үшін Елімнің,
Өркені үшін Жерімнің,
Жалын атып жасыңнан
Батыл бол,
Батыр бол,
Жас ұлан!

# САРБАЗ ӘНІ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Марш екпінінде




Аттанар шақта, қалқатай, үнсіз,
Көзіңе моншақ жасырып едің.
Сен кеттің, бірақ хабарсыз, тілсіз,
Қайдасың, қайда, асылым менің.

Қайырмасы:
Ару қыз!
Сүйген болсаң қамықпа,
Күтсең, жаным, жалықпа!
Ер ұланмын мен бүгін,
Қорған болған халыққа.

Ұмытам қалай жүргенде шетте,
Есімде әлі ойнақы күлкің.
Сағыныш сазы созылмас көпке,
Кездесер уақыт жетер-ау бір күн.

Қайырмасы:
Ару қыз!
Сүйген болсаң қамықпа,
Күтсең, жаным, жалықпа!
Ер ұланмын мен бүгін,
Қорған болған халыққа.

# ӘСКЕРДЕН ҚАЙТҚАН САРБАЗ ӘНІ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Жігерлі




Ел мен Жердің тыныштығын күзеткен,
Көктем келіп, жаз жадырап күз өткен.
Ауылыңа барғаныңда сағына
Қарсы алады қара көзің ізетпен
Қатардағы,
Сапардағы жауынгер!

Қайырмасы:
Ей!
Саптағы сарбаз жалын жас,
Адымда алға алшаң бас.
Артыңда сенген елің бар,
Қайраттан, беркін қарулас!

Туған жердің қызғалдағын терсем деп,
Қызға соның бір құшағын берсем деп
Құлындайын құлдырайсың сағына
Ауылымды аман-есен көрсем деп.
Қатардағы,
Сапардағы жауынгер!

Қайырмасы:
Ей!
Саптағы сарбаз жалын жас,
Адымда алға алшаң бас.
Артыңда сенген елің бар,
Қайраттан, беркін қарулас!

# ЖАНЫМ МЕНІҢ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Баяу, тебірене




Жаным менің, жүрегімді жараладың байқамай,
Бір сәт естен кетер емес қарағаның қайталай.
Сен ұяңа, мен қияға ұшамыз ба үн-түнсіз,
Мөлдір сезім тұнған көңіл шараларын шайқамай.

Жарым менің, тілегімді қабылдадың қылаусыз,
Қателіктер қалмайды ертең ар алдында сұраусыз.
Әппақ арман алға сүйреп, адал көңіл жетелеп,
Өтсе екен өміріміз сықтаусыз да жылаусыз.

# ЕКІ ЖАС

Вальс екпінінде

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Орындалып тәтті арман, тілектері,
Бірге соғып шын ғашық жүректері.
Жас шаңырақ иесі болды бүгін,
Қасиетті қазақтың түлектері.

Қайырмасы:
Армандары сабақтасып,
Қос аққудай қанаттасып,
Бірге ұшқан жаңа өмірге, екі жас!
Құтты болсын қадамдарың,
Орындалсын бар арманың
Ақ ниетпен тойларыңа
Шашу еттім ән маржанын, екі жас!

Артқа тастап бүлдіршін, бала шағын,
Тұтандырған өмірдің жаңа ошағын
Жас жұбайлар бабалар дәстүрімен,
Жалғастырар халқымның болашағын.

# ЖАН ҚҰРДАС

*Әуезі мен мәтіні: С. Медеубекұлы*

Әуендете, екпіндете




Ат орнына шыбық мініп,
Бәйге құрып жарысқан.
Сол шыбықты құрық қылып
Тай, құлынмен алысқан.
Ақ сақасын бір ұттырып,
Өксіп алған намыстан,
Жас жігерін шынықтырып,
Доспен қайта табысқан.

Қайырмасы:
Сағындым сені, жан құрдас,
Тамырлас, туыс, тағдырлас.
Өзіңді іздеп келемін,
Құшағың жай да, құшағың жай да бауыр бас.

Бірге құрып жігітшілік,
Көрші ауылға барысқан.
Жүрегінен сыр ұқтырып,
Құрбы қызбен танысқан.
Бала көңіл, қырық қылық,
Бір мінезге ауысқан.
Қарсы алатын күліп тұрып,
Келе қалсаң алыстан.

# АНАМА

*Әуезі мен мәтіні: С. Медеубекұлы*

Тебірене, толғана




Науырыз дәннің қауызын жарып,
Ұшырғаныңды сағындым, анам!
Тандырдың нанын аптаптан алып,
Ұсынғаныңды сағындым, анам!

Қайырмасы:
Еркелеп келіп тұмсығым тыққан,
Омырауыңды сағындым,
Жан жүрегіңнен елжірей шыққан
Қоңыр әніңді сағындым,

«Құлыншағым» деп, құшағыңа алып,
Бір сүйгеніңді сағындым, анам!
Әр қылығыма мейірің қанып
Сүйсінгеніңді сағындым, анам!

Қайырмасы:
Аңғалдығыма бір шытылмаған,
Қас-қабағыңды сағындым,
Қашан көрсем де нұр жылтылдаған
Қос жанарыңды сағындым,

Өзіңдей нұрға айнала бөккен,
Ала таңымды сағындым, анам!
«Аңқылдағым» деп аймалап өткен
Алақаныңды сағындым, анам!

Қайырмасы:
Қызықпен жүріп қырықтан астым,
Өмірдің жоқ-ау өкпесі
Пейіліңдегі тұныққа маспын,
Түсінбей келсем, сөкпеші,

Асыл жаныңа бас ұрып келем,
Шөбере сүйіп көктеші, анам!
Сағынып сені асығып келем,
Алысқа ұзап кетпеші, анам!

Қайырмасы:
Күнадан ада, уайымнан аулақ
Жөргектегімді сағындым,
Бесікке бөлеп, әніңмен баурап
Тербеткеніңді сағындым,

# ӘЖЕҢ КЕЛЕДІ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Күндігі күнді көтерген,
Аспаннан айды әперген
Әжемді менің көрдің бе,
Әлемнің нұрын сіңірген.

Қайырмасы:
Кимешек киген аруана
Кездесс сәлем сен бергін
Немерелері,
Шөберелері,
Әжең келеді
Жол бергін.

Алдында келін иілген,
Артынан сәби жүгірген,
Әжемнің менің көрдің бе,
Әлемнің нұрын сіңірген.

Қайырмасы:
Кимешек киген аруана
Кездесс сәлем сен бергін
Немерелері,
Шөберелері,
Әжең келеді
Жол бергін.

Сауабы бұлтты үйірген,
Ұлпасы тау боп үйілген,
Қылшығы күнге іленіп,
Ұршығы жерді иірген.

# БАЛДЫЗЫМ ҰЛТУҒАНЫМ

Мәтіні мен әуезі: С.Медеубекұлы

Әуендете




Сağан ғашық ынтызар өзгелерге,
Таңдаулысын анықтап, сөз берерде,
Сырласындай және де мұңдасындай,
Ақыл салғын алдымен,
Ақыл салғын алдымен
жезделерге,
жезделерге!

Қайырмасы:
Сыйлай білсең,
Қимай жүрсең,
Жезделердің
кез келгені
Болады бір туғаның,
Жан гүлім -Ұлтуғаным,
Балдызым Ұлтуғаным!

Қара шашың әдемі келтелеген,
Қос жанарың кімдерді өртемеген.
Қайда барсаң, онда бар, бақытты бол,
Қылығыңнан айналдым,
Қылығыңнан айналдым,
Еркелеген,
еркелеген!
Қайырмасы:

# ҚЫРМАНДА

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Жайдары




Ауылымнан болса дағы қашық тым,
Таң бозынан алқабыма асықтым.
Астығымды толтырып ап қырманға
Алтын дәннің сары өзенін тасыттым.
Қайырмасы:
Мен өзіңе ғашықпын,
Бір көруге асықпын,
Қарындас!
Саған асық пенде көп,
Сенсіз өмір менде жоқ,
Қарындас!
Қырмандағы қылықты қыз, бір сен деп
Көз ілмеген түндерім де білсең көп.
Армандаймын ауылымда өзіңмен
Өмірбақи қол ұстасып жүрсем деп
Қайырмасы:
Мен өзіңе ғашықпын,
Бір көруге асықпын,
Қарындас!
Саған асық пенде көп,
Сенсіз өмір менде жоқ,
Қарындас!

# ҚАРЫНДАС

Екпіндете, еркелете

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Кішкентай кездеріңнен,
Көп нәрсе өзгерілген.
От шашқан ұшқын көрем
Қарақат көздеріңнен

Қайырмасы:
Ай, қарындасым,
Алла сенің бағыңды ашсын!

Қысқартып бұрымыңды,
Қойғансың ұрынуды.
Ақылға алмастырдың
Аңғалдау қылығыңды.

Қайырмасы:
Ай, қарындасым,
Алла сенің бағыңды ашсын!

# ҮШ БАҚЫТЫМ

*Мәтіні: М.Мақатаев*
*Әуезі: С.Медеубекұлы*




Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
… Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста:
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

# ӨКПЕЛЕТІП АЛМАСАМ ЖАРАР ЕДІ

*Мәтіні: Н.Оразалин*
*Әуезі:С.Медеубекұлы*

Толғана




Мазасыздау...
Мазасыз аспан асты,
Шимай-шатпақ ойларым шаштан асты
(шаштан асты, дүние-ай!)
Ойым, Миым таза еді, балғын еді,
Ауыстырып қойғандай басқа басты (басқа басты, дүние-ай!)

Қайырмасы:
Өзге біреу мен үшін ойлайтындай,
Өзге біреу мен үшін тойлайтындай.
Өзге біреу  шырт етіп шырпыдайын,
Шамшыл, жаман әдетін қоймайтындай (қоймайтындай).

Мазасыз ой...
Мазасыз арбасқанда,
Әлдекім кеп жағама жармасқанға (жармасқанға, дүние-ай!)
Ұқсайды да тұрады... Халім менің
Қындағы үнсіз айнымай алдаспаннан (алдаспаннан, дүние-ай!)

Қайырмасы:
Жұлым-жұлым жүректің жара көгі,
Тыпыршиды жырымның қаракөгі.
Өзге біреу жаулап ап... Көктемімді
Өкпелетіп жүрмесем жарар еді ( жарар еді.)

# АРМАН-АЙ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Асқақтата, екпіндете




Жетсем деп алыстағы арманыма
Бір күнім бір күніме жалғануда.
Қиялым шартарапқа шарықтайды
Қол созып арманымның ар жағына

Қайырмасы:
Биікті талғамай,
Серпіле самғап-ай,
Ұмтыла ұшсаң да,
Жеткізбес арман-ай!

Толғанда көңіл шерге, сана мұңға,
Үміттің шамын қайта жағамын да,
Лаулатып арманымның шоғын үрлеп,
От болып көкке ұшамын жанамын да.

Қайырмасы:
Биікті талғамай,
Серпіле самғап-ай,
Ұмтыла ұшсаң да
Жеткізбес арман-ай!

Нұр болып қайта сіңем жер бетіне,
Гүл болып бүршік атам тербетіле.
Мәңгілік дәл осындай жалғасудың
Бақытын, адал досым, сен де тіле.

Қайырмасы:
Арманым алдамай
Ұстатса, жалған-ай!
Үмітім жетелеп,
Жеткізсе, арман-ай!

# СІЛЕТІ ЖАҒАСЫНДА

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Екпіндете, желдірте




Сылдыр-сылдыр...
Сілетінің ағыны,
Судыр... судыр... қамысы,
Бұлдыр... бұлдыр...
Сары даланың сағымы,
Сыбдыр.. сыбдыр... тал іші.

Жырым-жырым жағадағы жартасы,
Бұлың-бұлың арнасы.
Құмын бұрын желге берген әр тасы,
Бүгін құры қаңқасы.

Алқын-жұлқын шомылғандар жүзгені,
Шаңқыл-сыңқыл күлгені.
Жалтыл-жылтыл тамшы маржан тізбегі
Жарқын сылқым жүздері

# АЛТЫНДЫ АЛТЫН...

*Мәтіні: Қ.Мырзалиев*
*Әуезі: С.Медеубекұлы*

Жігерлі, термелете




Алтынды -алтын, мысыңды - мысың деймін,
Итіңді - ит, кісіңді - кісің деймін.
Бірақ, адам тұрғанда «ағайын» деп,
Өліп- өшкен жандарды түсінбеймін.

Бұл мен жайлы сөз ғой деп қуыстанба,
Сыйысқан жөн қайшы кеп қиысқаннан.
Барлық пәле шығады жұрағаттан,
Барлық сұмдық шығады туысқаннан.

# АҚЫЛ-НАҚЫЛ

*Мәтіні: К.Әзірбаев*
*Мақамы: С.Медеубекұлы*




Адамдар бір зауыттан шыққан шәйнек,
Сырты бір, ішін ашпай қайдан көрмек?
Сорғалап шүмегінен құйылғанда,
Тәтті ме, ащы ма жұрт сонда білмек.

Жыланның жүрген жері у болады,
Түлкіден кейбір адым қу болады.
Тапқандар тегін олжа еңбек етпей,
Көңілі көтеріңкі бу болады

Адамның әділ жолы, ардақтысы,
Сабырлы, терең ойлы, салмақтысы.
Қадірлеп сол адамды халық сүйед,
Зияны тимеген соң үлкен-кіші.

Кейбіреу көтереді өзін-өзі,
Көктен үлгі алғандай әр мінезі.
Ежелден сыншы халық бағалайды,
Көпшілік текке қалмас айтқан сөзі.

База адам қара жүрек, қара ниет,
Қайдағы шаргейдікті көңіл сүйед,
Басының бадырайған мінін білмей,
Біреудің кемшілігін қайдан білед

# ШӘКӘРІМ ТОЛҒАУЫ

*Мәтіні: Ш.Құдайбердиев*
*Әуезі: С.Медеубекұлы*

Орташа, сабырлы




Білгенімді жазушы ем,
Бекем буып белімді.
Мінін айтып қазушы ем,
Түзетпек боп елімді.
Бұлдарлық ой менде жоқ,
Бұған шыққан терімді.
Ұқтырарлық пенде жоқ,
Қате басқан жерімді.

Күні-түні ойланып,
Жазудан да жалықтым.
Газет, кітап қолға алып,
Оқудан да талықтым.
Ел тіліме көнбеді,
Жыладым да қамықтым.
Үмітсіздік дендеді,
Зорықтым да шалықтым.

Бағасы бір халқыма
Жабағы мен мамықтың.
Нанбайды, рас, антыма
Кәдірі мол танықтың.
Айырмайды арасын
Бұлдыр менен анықтың.
Енді қайда барасың,
Түрі мынау халықтың?

# ҚАПЕЛІМДЕ

*Мәтіні: М.Мақатаев*
*Әуезі: С.Медеубекұлы*

Терең, толғана




Қапелімде байқамай, жүргемін бе,
Қанаттанып келемін күннен күнге.
Түсі бөлек баяғы гүлдердің де,
Әлде басқа осы мен түрге ендім бе?

Қайырмасы:
Түсі бөлек баяғы гүлдердің де осы мен
әлде басқа түрге ендім бе,
Ой-гө-гө-гой-гой! ой-гө-гө-гой-гой!
Ой-гө-гө-гой-гой!Гөй-гөй,
Гой-гөй! гө-гө-гө-гөй!

Бал арадай шықпайтын айналамнан,
Жолдас, бауыр, дос, құрбы қайда қалған?
Сәті түскен кездерді пайдаланған,
Жоқты қуған қайдасың, қайран арман?

Қайырмасы:
Сәті түскен кездерді пайдаланған,
Қайдасың, жоқты қуған қайран арман,
Ой-гө-гө-гой-гой! ой-гө-гө-гой-гой!
Ой-гө-гө-гой-гой! Гөй-гөй, Гөй-гөй! гө-гө-гө-гөй!

Есі бүтін армысың, мият күнім?
Өліп, қайта тірілген сияқтымын.
Жарқын өмір, жан өмір, жасыл шуақ,
Алдарыңда сендердің ұяттымын.

Қайырмасы:
Жарқын өмір, жан өмір, жасыл шуақ,
Сендердің алдарыңда ұяттымын,
ой-гө-гө-гой-гой! ой-гө-гө-гой-гой!
ой-гө-гө-гой-гой!Гөй-гөй, Гой-гөй! го-го-го-гөй

Алып ұшып келеді қанаттарым,
Күнді ұзатып, күтемін таң атқанын.
Дәл осындай сәтіңнен адастырма,
Адастырма өтінем, жаратқаным!

Қайырмасы:
Дәл осындай сәтіңнен адастырма,
Өтінем, адастырма, жаратқаным!
Ой-гө-гө-гой-гой! ой-гө-гө-гой-гой!
Ой-гө-гө-гой-гой!Гөй-гөй, Гой-гөй! го-го-го-гөй

# ҚАРҚАРА
## (1-ТҮРІ)

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Қарқара, айналайын келбетіңнен,
Төсінде көк шалғының тербетілген.
Көбелек қуып сонау қырларыңнан,
Алаңсыз арман қуып ер жетіп ем, Қарқара!

Қайырмасы:
Батырлықтың белі сенсің,
Ақындықтың төрі сенсің,
Еркіндіктің елі сенсің
Жер жаннаты,
Ер қанаты – Қарқара!
Бұрынғы кең жазығың қазір қандай,
Ырыстың кілті сенен табылғандай.
Қызыл, жасыл гүл өсіп, құлпырғанда
Түкті кілем бейнебір жамылғандай, Қарқара!

Қайырмасы:
Батырлықтың белі сенсің,
Ақындықтың төрі сенсің,
Еркіндіктің елі сенсің
Жер жаннаты,
Ер қанаты – Қарқара!

# ҚАРҚАРА
## (2-ТҮРІ)

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Армысың, желбір өзен, желіп аққан,
Суыңмен анам сенің мені баққан.
Шөладыр нар секілді шөлі қанбай,
Шөгіп толқыныңды еміп жатқан, Қарқара!

Қайырмасы:
Сабағына гүлдердің,
Кіндігімді күрмедім.
Сеніменен, туған дала,
Мәңгі бақи,
Мәңгі бақи оу біргемін.

Асқар шың түлеп ұшқан бала қыран,
Бал дәмді бұлақ аққан балағынан.
Сеңгір тау, сен дегенде жүрегімнің,
Төгілді ән нөсері шанағынан, Қарқара!

# АЛАТАУ

*Әуезі мен мәтіні С.Медеубекұлы*




Су алған мөлдір бұлақ жылғасынан,
Ай көрдім құрбы қыздың сырғасынан
Мұзбалақ түлеп ұшқан шың басынан,
Айналдым Алатаудың тұлғасынан.

Қайырмасы:
Ей!
Дана тауым менің,
Дара тауым менің!
Балапаның
аңсайды ана –таудың
Алақанын-ай!

Мәңгілік сәулесімен аймалаған
Қуатты Күннен алғам, Айдан алғам.
Әлемнің сан жұмағын шарласам да,
Дәл сендей құтты қойнау қайда маған!?
Қайырмасы.

# ТАУШЕЛЕК ВАЛЬСІ

*Әуезі: Е.Бағаев*
*Мәтіні: С.Медеубек*

Ырғалта, әуелете




Саты – жайлау, Саты – нұр, Саты – көктем,
«Саты» деген сүйкімді аты неткен!
Мен анамнан туғам жоқ ақын болып,
қасиетті Туған жер… ақын еткен, ақын еткен

Қайырмасы:
Таушелегім, Таушелегім!
Өзіңнен қуат алып жол шегемін.
Таушелегім!
Арманмен алға тартқан өлшенемін.

Көлсай – ару, көркімен дара шыққан.
Бір көруді армандап, ел асыққан.
Кербездікті үйренгем Қыземшектен,
Дарқандықты үйренген Далашықтан, Далашықтан,

Қайырмасы:
Таушелегім, Таушелегім!
Өзіңнен қуат алып жол шегемін.
Таушелегім!
Арманмен алға тартқан өлшенемін.

# ТАУ БАЛАСЫ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Тау, дала, өзен, көлдер шартарабы,
Сағындым Шалкөдемді, Қарқарамды.
Көгінен күркіреген күй аунаса,шіркін,
Көліне мөлдіреген ән тамады.

Қайырмасы:
Ей!
Күрмеленген кіндігі,
Бірге өнген тамыры,
Сағынады-ау бір күні, шіркін,
Тау баласы бауырын.

Тамырым тамырында қарағайдың,
Даламды тамыраммен аралаймын.
Кеңдікті, биіктікті, тереңдікті, шіркін,
Тауымның тұлғасымен шамалаймын

Қайырмасы:
Ей!
Күрмеленген кіндігі,
Бірге өнген тамыры,
Сағынады-ау бір күні, шіркін,
Тау баласы бауырын.

# ҒАЛЫМЖАННЫҢ ӘНІ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Туған жер, айналайын келбетіңнен,
Төсінде көк шалғының тербетілген, арман-ай!
Көбелек қуып сонау қырларыңда, шіркін-ай,
Алаңсыз арман қуып ер жетіп ем - ай,

Қайырмасы:
Арман!
Аңсағанымда,
Таң самалын да.
Орансам жасыл жөргегім-жапырағыңа,
Аунасам атырабыңа,
Арманым болған – ай!

Ай сүйген, күн аймалап маңдайымнан,
Суыңның дәмі кетпес таңдайымнан, арман-ай!
Тереңнен тамыр тартқан тектілікті, шіркін-ай!
Үйренгем баурайыңда тал, қайыңнан-ай!

Қайырмасы:
Арман!
Нұрға малынған
Сырға тағынған
Қарағай, аршаларың да, шыршаларың да,
Əн тыңдап тұрса жанымда
Арманым болған-ай!

# БЕКӘЛІГЕ

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*

Мұңдана, тебірене




Бір жанын қос жүрекке алмастырған,
Ертеңін ерлігімен жалғастырған.
Өшпейді мәңгі бақи жап-жас туған,
Жұлдыздай жарқыраған алмас тұлғаң.

Қайырмасы:
Қол созып аппақ таңдарға,
Өмірің бүршік жарғанда,
Асыл боп туған ақиық,
Арманда кеттің ,арманда
Ұмытылмайды ұлы ісің,
Ірісің, мәңгі тірісің.

Асылым, ақиығым, ардағым-ай,
Өзіңмен бірге кетті арманың-ай!
Қос бірдей бүлдіршінді табыт-түннен,
Құтқарып жарық күнге жалғадың-ай!

Қайырмасы:
Жаралған жалын жарқылдан,
Жаныңа әппақ ар тұнған.
Қапыда шөктің қайтейін,
Қайыспас қара нар тұлғам.
Ұмытылмайды ұлы ісің,
Ірісің, мәңгі тірісің.

Жүрегім, боздамашы, боздамашы,
Көңілін шұрай топтың қозғамашы!
Қазақтың қасиетті боз даласы,
Аймалап, құшып жатыр өз баласын.

Қайырмасы:
Батыры бейбіт өмірдің,
Жыр болып міне, төгілдің.
Ұлы боп туып елімнің
Гүлі боп өндің жерімнің.

# АЛТАЙДЫҢ ТЕКТІ БҰҒЫСЫ

Зарлы

*Әуезі мен мәтіні: С.Медеубекұлы*




Сезімі сырдан
Ақылы нұрдан,
Ар, намыс тұнған
Жүрегі жырдан
Беу! Беу!
Найзағай отын шашып қас-қағымда,
Жыр-жұлдыз ағып түсті аспанымнан.
Қазақтың қабырғасын тезге салған
Бұл мұңның салмағы ауыр басқа мұңнан, беу, беу!

Қайырмасы:
Сыртынан барлап сымбатты,
Ішінен сындап қымбатты,
Саяқтау жүріп арлы ақын
Жүрекпен жұртқа тіл қатты, беу!

Ай тілген көкті түн іші,
«Ай!» деуге жетті тынысы.
Аллаға қарай жол шекті
Алтайдың текті бұғысы, беу!

Ай тілген көкті түн іші,
«Ай!» деуге жетті тынысы.
Аллаға қарай жол шекті
Алтайдың текті бұғысы, беу!

Арлы жоқ одан асқан!
Арынан айырылмай,
Артына қайырылмай,
Аттанды оралмасқа, беу!
Томаға тұйық,
Көңілі ұйық,
Өресі биік
Өнері киік
Беу! Беу!



# Авторлық күйлер

# АҢСАУ

(Алтынбек Сәрсенбайұлының рухына бағышталған)

Асықпай ♩ = 100

*С. Медеубекұлы*



Авторское право © Бауыржан Бекмұханбет

2



3



# АЙШАҒА

С. Медеуубекұлы

♩ = 147



2



3



# МАРҒҰЛАНҒА

*С. Медеубекұлы*

Ойнақы ♩ = 80



2




rit.

# МАЗМҰНЫ

Алғысөз орнына ........ 3

## *Ел аузынан жазып алынған халық әндері*

Жарапазан (ІІ түрі). *Орындаған Сағат Сабырбек* ........ 7
Матайдың жоқтауы. *Орындаған Әтен Майлықызы* ........ 8
Абай, күнім-ай. *Орындаған Сағат Дабайұлы* ........ 9
Қалы-күлік-ай. *Орындаған Сағат Дабайұлы* ........ 10
Айдай-айдай. *Орындаған Керім Елемес* ........ 11
Илигай, әттең, шіркін. *Орындаған Керім Елемес* ........ 12
Қыздар-ау, иғай» (Көдектің әні). *Орындаған Қанағат Қарашев* ........ 13
Қалқа бала» *Орындаған Индира Мақаева* ........ 14
Бағлан-ай. *Орындаған Дүкен Мәсімханұлы* ........ 15
Болсаңшы әнге құмар-ай. *Орындаған Дүкен Мәсімханұлы* ........ 16
Әгугәй-угәй. *Орындаған Тұрсынжан Шапай* ........ 17
Охой, жаным. *Орындаған Тұрсынжан Шапай* ........ 18
Үрия-ай, көкек. *Орындаған Тұрсынжан Шапай* ........ 19
Ал, жаным-ай. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 20
Ай, күнім-ай. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 21
Әлу-ай. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 21
Желбір жекен. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 22
Кегенім. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 23
Қарқара. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 24
Сырғалы жеңгей. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 25
Шаһибаз. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 26

## *Ел аузынан жазып алынған халық композиторларының әндері*
## *Қапез Байғабылұлының әндері*

Дүние-ау. *Орындаған Ғалымжан Досанұлы* ........ 28
Қапездің әні. *Орындаған Ғалымжан Досанұлы* ........ 29
Меркі. *Орындаған Ғалымжан Досанұлы* ........ 30
Айхай. *Орындаған Ғалымжан Досанұлы* ........ 31
Жүр, қалқам. *Орындаған Базархан Жақыбаев* ........ 32

*Мошанұлы Сәдіғожаның әндері*

Ахау, қалаулы-ай. *Орныдаған Құныпия Алпысбаев* ........ 33
Ей, ахау. *Орныдаған Құныпия Алпысбаев* ........ 34
Сары бидай. *Орындаған Құныпия Алпысбаев* ........ 35

*Рыскелді Сауданұлының әндері*

Жайдарман. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 36
Илигай, сәулем. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 37
Күлімханға. *Орындаған Сүйімбике Хасенқызы* ........ 38

*Әкімхан Зікірияұлының әндері*

Жамбыл ата. *Орындаған Әкімхан Зікірияұлы* ........ 39

*Шалтабай Алпарұлының әндері*

Менің атым – Шалтабай. *Орындаған Сағатбек Медеубекұлы* ........ 40

## *Ел аузынан жазып алынған халық күйлері*

Аққу (Аққудың қаптауынан асуы) Халық күйі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 42
Жеті атан – ерке атан (Ерке атанның қара жорғадан қашқаны).
*Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 43
Жеті атан-ерке атан (Ерке атанның жантақ шалғаны). *Орындаған Аятқан Бекмұханбаетов* ........ 44
Жаңылтпаш сайқал. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 45
Мұңлық-зарлық. *Орындаған Елемес Таласбай* ........ 47
Жиренше шешен. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 49
Батырдың арман күйі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 51
Абылай ханның майдақоңыры. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы 1түрі+* ........ 52
Абылай ханның майдақоңыры. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы 2 түрі//* ........ 53
Терме күй. *Орындаған Намазбай Орманов* ........ 54
Алып қара құс (Аңшының естіртуі). *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 55
Алып қара құс (Кемпірдің зары). *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 56
Алып қара құс (Аңшының жылауы мен жұбатуы). *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 57
Алып қара құс (Аңшының жұбатуы). *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 59
Бесік күй. *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 61
Ұран күй. *Орындаған Сабырбек Рысқұлұлы* ........ 62
Әдіракпанның шертпесі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 63
Бестібайдың тепеңкөгі. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ........ 64
Есен ақынның ән-күйі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 65
Мәсімбайдың терме күйі. *Орындаған Сауқынбек Шаханұлы* ........ 68
Қаңыры Садықтың арманы. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 69
Қанқожаның «Бостан» күйі. *Орындаған Сауқынбек Шаханұлы* ........ 71
Қызай Әшімнің күйі» 1 түрі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 72
Кәтіптің күйі. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ........ 73
Сары Қасымның шертпесі. *Орындаған Сауқынбек Шаханұлы* ........ 75
Тілемістің терме күйі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 76
Қалмақ күйі «Домбыржай». *Орындаған Омархан Керімқұлов* ........ 78
Қалмақтың қара жорғасы. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 79
Қалмақ күй. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ........ 80
Қалмақтың би күйі. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ........ 81

## *Халық композиторларының күйлері*

*Қожеке Назарұлы*

Арыздасу. *Орындаған Елемес Таласбай* ........ 83
Арман 1-түрі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ........ 85

Бұлбұл 1-түрі, 1-нұсқа. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ... 86
Сарбарпы бұлбұл. *Орындаған Сәрсебек Мұқашұлы* ... 88
Нұрғазарын бұлбұл. *Орындаған Омархан Керімқұлов* ... 89
Күй шақыртқы 2-нұсқа. *Орындаған Ясын Мәмедінұлы* ... 91
Күй шақыртқы 2-түрі. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ... 93
Терісқақпай. *Орындаған Ясын Мәмедінұлы* ... 95

*Ясын Мәмедінұлы*

Тұйық. *Орындаған Ясын Мәмедінұлы* ... 97

*Мұсабай Сәлбенбекұлы*

Терме күй. *Орындаған Мұсабай Сәлбенбекұлы* ... 99

*Мергенбай Ерденеұлы*

Арман. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ... 100

*Нұрмұханбет Мергенбайұлы*

Жоқтау. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ... 103

*Омархан Бекмұханбетұлы*

Қара жорға. *Орындаушы Аятхан Бекмұханбетов* ... 105

*Ыбырайымхан Мергенбайұлы*

Сайра бұлбұл. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ... 106

*Меңдеке Нұрмұханбетұлы*

Салдырмақ. *Орындаушы Аятхан Бекмұханбетов* ... 108

*Сауқынбек Шаханұлы*

Шабыт. *Орындаған Сауқынбек Шаханұлы* ... 110
Кертолғау. *Орындаған Сауқынбек Шаханұлы* ... 111

*Бөлтірік Атыханұлы*

Терме күй. *Орындаған Ыбырайымхан Мергенбайұлы* ... 114

*Елемес Таласбай*

Күй шақыртқы. *Орындаған Елемес Таласбай* ... 116

*Сәмет Мұхамедұлы*

Тау бұлағы. *Орындаған Сәмет Мұхамедұлы* ... 118

## *Авторлық әндер*

Бесік жыры 1-түрі ... 120
Бесік жыры 2-түрі ... 121
Тұсау кесер ... 122
Сүндет той ... 123
Тілашар ... 124
Күміс қоңырау ... 125
Парталасым жан құрбым ... 126
Мектеп маршы ... 127

Жас ұландар маршы ........ 128
Ұландар маршы ........ 129
Сарбаз әні ........ 130
Әскерден қайтқан сарбаз әні ........ 131
Жаным менің ........ 132
Екі жас ........ 133
Жан құрдас ........ 134
Анама ........ 135
Әжең келеді ........ 136
Балдызым Ұлтуғаным ........ 137
Қырманда ........ 138
Қарындас ........ 139
Үш бақытым ........ 140
Өкпелетіп алмасам жарар еді ........ 141
Арман-ай ........ 142
Сілеті жағасында ........ 143
Алтынды алтын... ........ 144
Ақыл-Нақыл ........ 145
Шәкәрім толғау ........ 146
Қапелімде ........ 147
Қарқара 1-түрі ........ 148
Қарқара 2-түрі ........ 149
Алатау ........ 150
Тау шелек вальсі ........ 151
Тау баласы ........ 152
Ғалымжанның әні ........ 153
Бекәліге ........ 154
Алтайдың текті бұғысы ........ 155

## *Авторлық күйлер*

Аңсау ........ 157
Айшаға ........ 160
Марғұланға ........ 163

Сағатбек Медеубекұлы

# АЛАТАУЫМ МЕНІҢ

Құрастырған
Мақсат Медеубек

Жауапты редактор
Римма Жақсылықбаева

Нотаға түсіргендер:
Б. Мүптекеев
М. Медеубек
Б. Бекмұханбет

**ИБ №12340**
Басуға 19.10.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $^1/_{16}$.
Көлемі 10,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №6710.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.